

ТЕКСЕРІЛДІ:

23.01.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 26.01 – 30.01.2026 жыл (4-апта) Апта дәйексөзі «Тәртіпсіз ел болмайды»

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 26.01	Сейсенбi 27.01	Сәрсенбi 28.01	Бейсенбi 29.01	Жұма 30.01
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкiлдерiмен әңгiмелесу, кеңес беру	«Қазақ тiлiн үйренемiз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Кел, қайталайық!» «Мектеп жасына дейiнгi балаларға қазақ тiлiн үйретудiң негiзгi бағыттары» флаер				
Ұйымдастырылған iс-әрекеттi өткiзуге дайындық	Ұйымдастырылған iс-әрекетке қауiпсiз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауiпсiз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған iс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Ақсақ құлан» күйi https://zvyki.com/song/174843972/K_j_-_A_sa_lan/ «Күй күмбiрi» күй тыңдау				
Сөздiк минимум	Мынау не? Сен не көрдiң?		Мынау не? Сен ненi көрдiң?		
Кестеге сәйкес «Қазақ тiлi» ұйымдастырылған iс-әрекетi	Мектепалды тобы Тақырыбы: «I дыбысы» Мiндеттерi: қазақ тiлiндегi сөздердi дұрыс айта бiлуге және есте сақтауға, ол сөздердi қолдана бiлуге; қазақ тiлiне тән i дыбысын айтуға		Мектепалды тобы Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Мiндеттерi: қазақ тiлiндегi берiлген сөздердi дұрыс айта бiлудi және ол сөздердi қолдануды үйрету;		

<p>үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету</p> <p>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>- Қыс мезгілі.</p> <p>- Қыс мезгілінде ауа райы қандай болады?</p> <p>- Қар жауады, аяз тұрады, боран соғады, мұз қатады.</p> <p>- Балалар, орманда қардың бетіне аңдар мен құстар жазу жазады. Ол қандай жазу? (Іздер.)</p> <p>- «Із» сөзінде қазақ тіліне тән і-і-і дыбысы бар.</p> <p>- «І» дыбысын әндетіп айтып көрейік.</p> <p>- І - і - і - і - і - і - і - і - і - і.</p> <p>- Дыбысты айтамыз және естиміз.</p> <p>Бейнежазба көру «і» дыбысының айтылуы «І» дыбысының артикуляциясы.</p> <p>«І» - еріндер дыбыстың шығуына қатыспай жатады, жоғарғы және төменгі тістер бір-біріне өте жақын келіп тұрады. Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі де, үсті көсіліп жатады, жұмсақ таңдай көтеріліп мұрын ауа жолын жабады.</p>		<p>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру;</p> <p>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Балаларға амандасу.</p> <p>Қазір қай мезгіл?</p> <p>Бүгін күн қандай?</p> <p>Еске түсірейік</p> <p>Мынау нелер? Жабайы аңдарды ата.</p> <p>Сен нені көрдің?</p> <p>Мен қоянды көрдім. Ол кішкентай. Оның түсі ақ.</p> <p>Үй жануарларын ата.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»</p> <p>Мақсаты: балаларға үй жануарлары көлеңкесін табуға үйрету және есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Төлдерін тап»</p> <p>Мақсаты: балаларды төлдерін ажырату арқылы сөздік қорларын молайту</p> <p>«Кімде не бар?»</p> <p>Педагог барлығына төлдердің масқаларын таратады.</p> <p>– Балалар, төрт түлік қайда тұратынын білесіңдер ме? (Қорада.) Дұрыс. Әр түліктің өз төлі бар.</p> <p>– Балалар үнемі анасының қасында болатыны сияқты, жануарлар да төлдерімен бірге болады. Сол себепті, жануарлар өз төлдерін іздейді.</p> <p>– Барлық төлдер анасының қасына жиналған кезде ойынды одан әрі</p>		
--	--	--	--	--

	<p>Буындарды айту -і, -іс, -ді, -ті, -ні, -гі. Іс - іс - іс, «Бұл не қылған дыбыс?» ойыны Мақсаты: балаға дыбыстарды бір-бірінен ажыратуды және сөздің басындағы дыбысты анықтауды үйрету. Педагог балаларға суреттерді көрсетіп атайды. Балалар мұқият тыңдап отырып, сөздегі бірдей дыбыстарды танып білулері қажет. Табылған дыбыс нақты айтылуы қажет. Мысалы: ірімшік, ілгек, ілгіш. «Затты ата» ойыны - Балалар, мен сендерге суреттерді көрсетемін, сендер оларды атаңдар. - Бір - [і] дыбысы сөздің қай жерінде тұр? - Түлкі, кірпі. - [і] дыбысы сөздің қай жерінде тұр? - Ортасында, аяғында Тіл ұстарту жаттығулары Іс-іс-іс. Аппақ екен тіс. Іл-іл-іл. Сөйле қызыл тіл. Піс, қазаным, піс! Іске тіл ілесе алады, Тілге іс ілесе алмайды. Жаңылтпаш айтқызу Үш ішік,</p>		<p>жалғастырамыз. Педагог ырғақты әуенді қосады, балалар топтарға бөлінеді. – Енді, балалар, әр топ бірге отырады. – Малика, сенде не бар? (Менің сиырым бар.) Сиырда не бар? (Сиырда бұзау бар.) – Бұзауларды санаңдар. (Бір бұзау, екі бұзау, үш бұзау, төрт бұзау, бес бұзау.) – Балалар, сиырдың қанша бұзауы бар? (Сиырдың бес бұзауы бар.) – Фируза, сенде не бар? (Менде түйе бар.) Түйеде не бар? (Түйенің ботасы бар.) – Боталарды санаңдар. (Бір бота, екі бота, үш бота, төрт бота, бес бота.) – Балалар, түйенің неше ботасы бар? (Түйенің бес ботасы бар.) – Дариға, сенде не бар? (Менде қой бар.) Қойда не бар? (Қойда қозы бар.) – Қозыларды санаңдар. (Бір қозы, екі қозы, үш қозы, төрт қозы, бес Қозы). – Балалар, қойдың қанша қозысы бар? (Қойдың бес қозысы бар.) – Мунира, сенде не бар? (Менде жылқы бар.) Жылқыда не бар? (Жылқыда құлын бар.) – Балалар, жылқының қанша құлыны бар? (Жылқының бес құлыны бар.) – Балалар, бәріміз алаңға шығып санайық. Анамыздан алыстамайық. Кел, санайық! Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Алақанды ашамыз, Бесті беске қосамыз. Қанша болды барлығы</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>Піштім кеше Кіші ішік, Піштім кеше. «Секіргіштер» саусақ жаттығуы Күні бойы, күні бойы, Күні бойы, күні бойы. Біздің қыздар секірді. Оң аяқпен секірді, Сол аяқпен секірді. Алға қарай секірді, Артқа қарай секірді. Айналдыра секірді. Айналдыра секіргішті Биікке де секірді. (Екі саусақпен кезекпен алға-артқа және оңға-солға секіріп, үстел үстінде орындалатын жаттығу.) Қорытынды - Бүгін біз қандай дыбыспен таныстық? - «І» дыбысымен таныстық. - «І» дыбысы қандай дыбыс? - Дауысты. - Дыбысты біз не істейміз? <u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.</p>		<p>Кел, санайық бәріміз. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 Қорытынды Балаларды белсенділік танытқандары үшін мақтау.</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>Балаларға амандасу. Қазір қай мезгіл? Бүгін күн қандай? Еске түсірейік Мынау нелер? Жабайы аңдарды ата. Сен нені көрдің? Мен қоянды көрдім. Ол кішкентай. Оның түсі ақ. Үй жануарларын ата. Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Мақсаты: балаларға үй жануарлары көлеңкесін табуға үйрету және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Төлдерін тап» Мақсаты: балаларды төлдерін ажырату арқылы сөздік қорларын молайту Сергіту сәті Бес балапан Қорытынды Балаларды белсенділік танытқандары үшін мақтау.</p>				
--	---	--	--	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> «Қалай дыбыстайды?» жаттығып ойнау Қораз «ку-ка-ре-ку» дейді. Тауық «қыт-қыт» дейді. Үйрек «барқ-барқ» дейді. <u>Мектепалды топ</u> Тіл ұстарту жаттығулары Іс-іс-іс. Аппақ екен тіс. Іл-іл-іл. Сөйле қызыл тіл. Піс, қазаным, піс! Қаз «қаңқ-қаңқ» дейді.</p>		<p>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары <u>Мектепалды топ</u> Кел, санайық! Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Алақанды ашамыз, Бесті беске қосамыз. Қанша болды барлығы Кел, санайық бәріміз. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 бойынша</p>		
<p>Шертпек — бұл асық ойынының бір түрі, көбінесе балалар арасында танымал. Ойында төрт немесе одан да көп асықтар пайдаланылады. Ойынның негізгі мақсаты — асықты дәл нысанаға көздеп, дәл тигізу. Шертпек ойынының ережелері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қатысушылар саны — 2 немесе одан көп адам болуы мүмкін. 2. Асықтарды тізу — жерде немесе арнайы тегіс алаңда ойыншының қалауы бойынша асықтар тізіледі. 3. Тигізу — әрбір ойыншы өз кезегінде бір асықты нысана ретінде белгілеп, соны қолындағы асықпен дәлдеп шертіп, тигізуге тырысады. 4. Есеп — егер ойыншы асықты дәл тигізсе, ол ұпай алады немесе сол асықты өзіне алуы мүмкін (ойынның түріне байланысты). <p>Шертпек ойыны мергендік пен ептілікті дамытуға көмектеседі және қазақ халқының ұлттық ойындарының біріне жатады.</p> <p>https://vm.tiktok.com/ZMkuF7tYq/ «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>					